Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 6D030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелері» тақырыбындағы Медетов Алимардин Шахмардиновичтің диссертациясына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

XXI ғасырда су ресурстарын сақтау және тиімді пайдалану мәселесі әлемдік қоғамдастықтың алдында аса маңызға ие мәселелер қатарында тұр. Судың жетіспеушілігі және оның сапасының тез нашарлауы бүгінгі күні кейбір елдер мен өңірлерде неғұрлым елеулі проблемалар болып табылады.

Қазіргі уақытта аумағында немесе шегінде трансшекаралық су ресурстары болмайтын мемлекетті немесе елді табу өте қиын. Осыған байланысты трансшекаралық су ресурстар және осы бағытпен байланысты барлық тұстары бүгінгі күні көптеген тәуелсіз мемлекеттердің, оның ішінде Қазақстан Республикасының жаһандық және сонымен бірге өзекті бағыттарының бірі болып табылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы, Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы және Мыңжылдық Даму Мақсаттары (МДМ) берген ресми деректеріне сәйкес, әлемде 1,1 миллиард адам қауіпсіз ауыз суға қол жеткізе алмайды, бұл әлем халқының шамамен алтыдан бір бөлігі деген сөз. Қол жетімді тұщы судың шамамен 70%-пайызы ауыл шаруашылығын суару үшін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында суды барынша үнемдеу жұмысын ұйымдастыру керектігіне, бұл – ең алдымен, ауыл шаруашылығына қатысты мәселе, яғни су үнемдеу технологиясын, әсіресе, ауыл шаруашылығында кеңінен қолдану қажеттігіне тоқталды.

Трансшекаралық су ресурстарын басқарудың өзіндік тұжырымдамасын әзірлеу Қазақстан Республикасы үшін өте өзекті, өйткені елдің су ресурстарының 45%-ға жуығы көрші елдерден келеді. Сонымен қатар, еліміз су жетіспеушілігі, шөлейттену және климаттың өзгеруі сияқты экологиялық проблемалармен бетпе-бет ұшырасып отыр. Алайда заңнамалық және институционалдық тиімсіздік су ресурстарын тиімсіз пайдалануға алып келді және Қазақстан Республикасындағы су қауіпсіздігінің ұзақ мерзімді тұрақтылығына қауіп төндіреді. Диссертациялық жұмыста қарастырылған тақырыптың өзектілігінің тағы бір тұсы, бүгінгі күні елімізде халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған су реформаларының әрқашан күтілетін нәтижелерге жете бермейтіндігіне де негізделеді, бұл су қатынастарын

құқықтық реттеудің белгіленген мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттары мен әдістерін түбегейлі қайта қарау қажеттігіне әкеп соғып отыр. Осыған байланысты, елімізде су ресурстарын пайдалану саласындағы реттеу, сондай-ақ, су тапшылығымен байланысты мәселелерді қарастыруда шешуші рөл атқаратын су ресурстарын қорғау және құқықтық бірқатар мәселелер бойынша шаралар әзірлеу қажеттілігі туындап отыр.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі зерттеу тақырыбының өзектілігін, сондай-ақ практикалық маңыздылығын растайды. Аталған мәселе халықаралық деңгейдегі мәселе болуы да тақырыптың өзектілігін дәлеледей түседі.

Диссертация жұмысында тақырыптың мазмұнына сәйкес жоспар жасалынған. Тақырыптың кіріспесінде оның өзектілігі, ғылыми жаңалығы және тәжірибелік маңыздылығы, мақсаттары мен міндеттері, объектілері мен зерттеу әдістері көрсетілген.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты трансшекаралық су ресурстарын тиімді пайдаланудың құқықтық негізін зерделеп, оларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындап, трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелері саласында ұсыныстар әзірлеуді көздейді. Алға қойған мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей міндеттерорындау қарастырылған. Олар: трансшекаралық сулар түсінігінің жіктелуін зерделеу, су ресурстарын тиімді пайдаланудың құқықтық түсінігін белгілеу, екіжақты және көпжақты келісімдер шеңберінде трансшекаралық су ресурстарын пайдалану тәртібін белгілеудің құқықтық бастауларын сәйкестендіру, су ресурстарымен шектесетін көршілес елдердің су құқығы нормаларының аралас су пайдалану баламалы шешімін шығару.

Диссертация жұмысында алынған теориялық білім ғылыми зерттеуде жүйелі түрде қолданылған. Тақырып шеңберінде отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, нормативтік-құқықты актілер, статистикалық мәліметтер кеңінен пайдаланылған.

Докторант теориялық даярлықтың жоғары деңгейін, ғылыми зерттеу әдіснамасын меңгеруін, талдамалық қабілеттерін және зерттелетін мәселеге сын тұрғысынан қарайтынын көрсетті. Жұмыстың айтарлықтай практикалық әлеуеті бар және одан әрі ғылыми қызметте, сондай-ақ халықаралық және ұлттық нормативтік актілерді әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш тараулы негізгі бөлім, қорытынды және пайдаланылған қайнар көздер тізімінен тұрады.

Докоранттың диссертациялық зерттеуі ғылым мен практика үшін құндылығы бар аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады және жоғары бағаға лайық деп санаймын.

Қорыта айтқанда, 6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін А.Ш. Медетов орындаған «Трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелері» атты тақырыптағы диссертациялық жұмыс диссертациялық талаптарға толық сәйкес келеді және қорғауға жіберуге лайықты деген пікірдемін.

Ғылыми кеңесші,
Мұхтар Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан зерттеу
Университеті Ректор аппаратының
басшысы, PhD, профессор **А.К.Жанибеков**